




Лекция 4

БАҚ-тың интернеттегі порталдары мен ақпараттық қорлары Журналистикадағы конвергенция және дигитализация



Веб-портал (ағылш. *Web portal* немесе ағылш. *Portal*, «басты кіру») – бұл тікелей өзара байланыстырылған және «Интернеттік» желі арқылы орындалатын аппараттық орта жиынтығы.

Web-порталдар, каталогтар:

<http://Kaztube.kz> – Бейне портал

<http://Site.kz> - Бүкіл қазақстандық сайттар

<http://Internets.kz> - Қазақстан сайттары

<http://Goto.kz> - Қазақша сайттар

<http://Nur.kz> - қазақ порталы

<http://Kekilbaev.kz>

<http://Resurs.kz> – Веб сайттар каталогы

<http://Catalog.desk.kz> – Қаз. Инт. ресурс. кат.

<http://Kazakh.ru> – Халықарал. қазақ сервері

<http://Award.kz> – Ұлттық интернет сыйлығы

<http://Nabr.kz/kz> – ҚР Ұлттық кітапханасы

<http://Kk.wikipedia.org/wiki/> - ашық энци-я

<http://marinkinrasskaz.ucoz.ru> - қазақ тіл. өмірб.

<http://malimeter.org> – танымдық және энциклопедиялық

Интернеттің Қаз. Іздегіш жүйелері:

<http://Yandex.kz>

<http://Google.kz>

Сайттар әлемі

Мемлекеттік органдар:

<http://akorda.kz> - ҚР Президентінің сайты <http://e.gov.kz> - ҚР электрондық үкіметі
<http://e-kyzylorda.kz> - Қызылорда обл.әкімі <http://e-zhalagash.gov.kz> - Жалағаш ауд.әкімі
<http://edu.gov.kz> – ҚР Білім және Ғылым Мин.

Қазақ басылымдары:

<http://anatili.kz/> <http://egemen.kz/> <http://aikyn.kz/> <http://zhasalash.kz/>
<http://Turkystan.kz> <http://syrboyi.kz> <http://Abai.kz> <http://Zaman>
<http://Jasgazaq.kz> <http://Alashainasy.kz> <http://qazaquni.kz> <http://Zan.kz>
<http://Ushkiyan.kz> <http://Zan.zanmedia.kz> <http://baq.kz> – қазақ басылымдар жинағы

Қажетті сайттар:

<http://Massagan.com> <http://Zakon.kz> <http://sports.kz> http://internet_kyzyktary
<http://kerekinfo.kz/> <http://kazakhsoft.com> <http://programmers.kz> <http://informatik.kz>

Орыс басылымдары:

<http://kazpravda.kz/> <http://Liter.kz> <http://Express-k.kz> <http://Inform.kz>
<http://Time.kz> <http://Dialog.kz> <http://Inosmi.kz> <http://Caravan.kz>
<http://kv.ucoz.kz> – Кызылординские вести


Интернет – газеттер:

<http://kazinform.kz> <http://Kaz.gazeta.kz> <http://zonakz.net> <http://Qazaq.kz>
<http://7kun.kz> <http://kaz-news.info> <http://kaz.ktk.kz> <http://nurastana.kz>


Ақпараттық портал дегеніміз – белгілі бір мазмұнды ақпараттың көп мөлшерімен және көп кіретіндігімен ерекшеленетін үлкен сайт. Әрбір ақпараттық порталдың маңызды бөлігі – ол оның бағыты.

Ақпараттық порталдар келесідей мүмкіндіктерді оқырмандарға ұсына алады:

- бір ақпараттық жүйеде бірден бірнеше БАҚ ұйымдастыру;
- таратушы сервистер мен жаңалық форматтарының жаңартылуы;
- мақалалар, жобалар мен жаңалықтарды талқылаудың қосымша мүмкіндіктері, сонымен қатар редакциямен қарым-қатынасын жеңілдету;
- жарнама акцияларын интерактивті сервистермен басқару және жарнама орындарын қолдану жөніндегі есеп;
- жарнаманың жаңа мүмкіндіктері, негізгі беттегі қорлар мен мазмұнды рубрикаларда орналасқан иллюстративті жаңалықтар мен баннерлер санының көбеюі.



Медиа кеңістікке қатысына қарамастан сайттар типологиясын атқаратын қызметтеріне қарай визитка, промоакция, электронды дүкен, ақпараттық сайт, корпоративті өкілдіктер, порталдар, кәсіпорынды басқару құрылымы деп бөліп қарастыруға болады.



Конвергенция (convergo – жанасу, қосылу) сөзі биология, этнография, тіл білімдерінде үйлестіру, жанастыру үдерістерінің баламасы ретінде қабылданғанына біраз уақыт болды. 1970 жылдан бастап термин компьютер, телефон, теледидар сияқты ақпараттық-коммуникативтік технология платформаларына қолданылып, бүгінгі таңда одан да ауқымды ұғымға ие болып отыр.

Конвергентті журналистика (ағылшынша Convergence journalism) - бұл ақпараттық және коммуникациялық технологиялар интеграциясының бірыңғай ақпараттық ресурсқа бірігу процесі. Бүгінгі таңда қазіргі заманғы медиа - компаниялар ақпараттық және ойын-сауықтық өнімдерінің өз спектрлерін кеңейтеді және медиа өнім берудің «жаңа» формаларын қолданады: ол – онлайн газет, интернеттегі радио, веб-телекөрсетілім. Конвергенция сөзінің өзі латынша «convergo» - «жақындатамын» деген мағынаны білдіреді. «Convergence» ағылшын тілінде «бір нүктеде жинақталу» дегенді білдіреді.



Павликова М. БАҚ және коммуникацияларды зерттеуші канадалық **Дэнис Макуэйлаға** сүйене отырып, келесі анықтама береді: «Бұл бір маңызды өнімнің әртүрлі арналарға әртүрлі құралдармен таратуы».

А.Г. Качкаева конвергенцияны төмендегідей жіктеуді ұсынады:


- Конвергенция – бұл медиахолдингінің медиа-стратегиясы;
- Конвергенция – бұл тактика;
- Конвергенция – қайта қаптау;
- Конвергенция – бұл ақпаратты жинақтау және өңдеу;
- Конвергенция – ақпарат берудің жаңа түрі.

Сонымен, конвергенция – бұл бірыңғай контентті әр түрлі құралдармен (мәтін, дыбыс немесе видео) және коммуникацияның әр түрлі арналары (пресса, телекөрсетілім, радио, Интернет) арқылы тарату.

Алғаш рет Хелемендик В.С. БАҚ қызметінің жаңа тәсілін және «бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесі» анықтамасын 1977 жылы енгізді. Нәтижесінде БАҚ-тың дәстүрлі жүйесі өзгерді. Қазіргі газеттер, радио, телекөрсетілім және Интернет жақындасу пайда болатын мультимедиалық ортада қызмет етеді. Хелемендик бұқаралық ақпарат коммуникация координациясының негізгі принциптерін былайша көрсетті: ерекшелігі, мазмұнын жүйелі түрде түзетуі, қызметтің ортақтығы және басылым, радио және телекөрсетілімнің өзара тәуелділігімен, олардың өзара әрекеттесуін мойындау организациялық құрылымы өзгереді және қазіргі таңда дербес газет, радио, телекөрсетілімнің жалпы ақпараттық орталыққа бірігуі олардың бұқараға эффекті әсер етеді.

«Медиа арасындағы шекараны жою – өзара коммуникация құралдарымен, мысалы: телефон, пошта, телеграф және бұқаралық құралдар мен коммуникация арасындағы, мысалы: пресса, радио, телекөрсетілім» деп Итьель де Соло Пуль айтқан.

Соңғы 20 жылда мультимедиа туралы нақты айта бастады. Бұл хабар жүргізу әдісі ретіндегі компьютерлік техника мен компьютерлік желілердің дамуы мен өрлеуіне байланысты болды. Осы технологиялар бір сақтаушы компакт-диск ішіне әр түрлі коммуникация құралдарын – визуалды, мәтіндік, дыбыстық және сөйлеу – біріктіруде мүмкіндік берді (<http://yvision.kz/>).



Дигитализация, былайша айтқанда, компьютерлік парктің ұлғайтылуы мен контенттің цифрлық түрі жетілдірілуі – бір тұлғаның бірнеше қызметті қатар атқара алуына жол ашады. Бұл тұрғыда журналистің бойынан репортер, жазушы, фотограф, дизайнер, әдеби редактор, вёрстка жасаушы, кең жүргізуші, монтаж жасаушы деген сынды сан қырлылықты кездестіруге болады.

Медиадағы конвергенция – «төртінші билікті» негізгі ғылыми құрылымдарды біріктіруге шақырады.

Медиа-өнімдердің жанрлық және стилистикалық шекарасын нығайтады, нарықтық параметрдегі маңызын ұлғайтады.

Басылым иесіне журналистиканың әмбебаптануы идеясын тудыратын энтузиазмды дәл осылай түсінуге болады.

Конвергентті ақпараттық өндіріс – күтпеген оқиғаларға, қиын жағдайларға ұжымды кәсіби икемдеуге арналған ширақ жүйе(<http://massaget.kz>).

Пайдаланылатын әдебиеттер:

Паркер Р. Как сделать красиво на бумаге. Символ-Плюс, 1998.

Кихтан В.В. Информационные технологии в журналистике. –Ростов на Дону:Феникс, 2004.



Үйге тапсырма:

1. Интернет сайттарына сараптама.
2. Жоғарыда келтірілген сайт түрлеріне мысалдар келтіру.